БЕКІТЕМІН
“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша” ЖШС
меңгерушісі _____ Ж.М.Сапарбаева

“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша”
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
2025–2026 оқу жылына арналған
әдістемелік кеңесі отырысының жоспары

“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
2025–2026 оқу жылына арналған
әдістемелік кеңесі отырысының жоспары

Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
Тақырыбы: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесін жаңа оқу жылында ұйымдастырудың басым бағыттары» 1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау және педагогтердің құжаттарын талапқа сай рәсімдеу: - Перспективалық жоспарларды қарастыру; - Циклограммаларды талдау; - Балалардың жеке даму карталарын жүргізу; - Мониторинг жүргізу тәртібін қарастыру. 2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру. 3. Топтардағы дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру. 4. Жаңадан келген балалардың балабақшаға бейімделу жұмыстарын ұйымдастыру. 5. Ата-аналармен педагогикалық байланысты нығайту. 6. Педагогтердің шығармашылық тақырыптары мен өзіндік білім жетілдіру жұмыстарын бекіту. 7. Ағымдағы мәселелер.	Қыркүйек 2025 ж.	Әдіскер Карибаева А.С
Тақырыбы: «Балабақшадағы оқу-тәрбие процесінде инновациялық технологияларды тиімді пайдалану» 1. Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. Педагогтердің шығармашылық тақырыптары бойынша атқарылған жұмыстарын талқылау. 3. Мектепке дейінгі ұйымдағы ұйымдастырылған іс-әрекетте инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану. 4. Балалардың танымдық, тілдік және шығармашылық қабілеттерін дамытуда ойын технологияларын пайдалану. 5. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасын іске асыру барысы. 6. Ата-аналармен бірлескен жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді жолдары. 7. Ағымдағы мәселелер	Қараша 2025ж	Әдіскер Карибаева А.С

Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтар мен заманауи технологияларды ұштастыру арқылы балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету» 1. Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. Ұлттық ойындар арқылы балалардың танымдық және қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту. 3. Мектепке дейінгі жастағы балаларды ұлттық салт-дәстүрлер мен мәдени мұра арқылы тәрбиелеу. 4. «Табиғатпен үйлесімде» экологиялық тәрбие бағытындағы жұмыстарды талдау. 5. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» жобасы аясында балалардың еңбек дағдыларын қалыптастыру. 6. Балалардың жеке даму мониторингінің аралық нәтижелерін талдау. 7. Ағымдағы мәселелер.	Қаңтар 2026ж	Әдіскер Карибаева А.С
Тақырыбы: «Педагогикалық қызметтің жылдық қорытындысы және жаңа оқу жылына міндеттерді айқындау» 1. Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. Педагогтердің жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есептерін тыңдау. 3. Мамыр айындағы балалардың жеке даму мониторингінің нәтижелерін талдау. 4. Жылдық жұмыс жоспарының орындалуын қорытындылау. 5. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасының қорытындысын талдау. 6. Педагогтердің шығармашылық және тәжірибелік жұмыстарын саралау. 7. Жылдың үздік педагогикалық тәжірибелерін жинақтау және тарату. 8. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстарын қарастыру. 9. 2026–207 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс бағыттарын айқындау. 10. Ағымдағы мәселелер.	Мамыр 2026ж	Әдіскер Карибаева А.С

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «8» қыркүйек 2025 жыл
Өткізілген орны: «Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер және педагогикалық ұжым мүшелері.
Қатыспағандар: жоқ

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесін жаңа оқу жылында ұйымдастырудың басым бағыттары».
Мақсаты: 2025–2026 оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру процесін тиімді ұйымдастыру, педагогтердің құжаттарын талапқа сай рәсімдеу және оқу жылының негізгі міндеттерін айқындау.
Күн тәртібі:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау және педагогтердің құжаттарын талапқа сай рәсімдеу.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру.
3. Топтардағы дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру.
4. Жаңадан келген балалардың балабақшаға бейімделу жұмыстарын ұйымдастыру.
5. Ата-аналармен педагогикалық байланысты нығайту.
6. Педагогтердің шығармашылық тақырыптары мен өзіндік білім жетілдіру жұмыстарын бекіту.
7. Ағымдағы мәселелер.

1-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. жаңа оқу жылына дайындық барысы туралы баяндады. Перспективалық жоспарларды, циклограммаларды, балалардың жеке даму карталарын талапқа сай жүргізу және бастапқы, аралық, қорытынды мониторингтерді ұйымдастыру тәртібін түсіндірді.
Қаулы:

1. Перспективалық жоспарлар мен циклограммалар талапқа сай рәсімделсін.
2. Балалардың жеке даму карталары уақытылы жүргізілсін.
3. Мониторинг бекітілген мерзімде өткізілсін.

2-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Меңгеруші Сапарбаева Ж.М. мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Білім беру бағыттары бойынша балалардың жас ерекшеліктері мен жеке қажеттіліктерін ескеру қажеттігін атап өтті.
Қаулы:

1. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары басшылыққа алынсын.
2. Тәрбиелеу-білім беру процесі бекітілген бағдарламаға сәйкес ұйымдастырылсын.

3-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. топтардағы дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру мәселесін карастырды. Орталықтарды балалардың жас ерекшеліктеріне сай жабдықтау, ойын және оқу материалдарымен толықтыру қажеттігін айтты.
Қаулы:

1. Топтардағы дамытушы орталар талапқа сай жабдықталсын.
2. Қауіпсіздік және қолжетімділік талаптары сақталсын.

4-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Тәрбиешілер жаңадан қабылданған балалардың балабақшаға бейімделу жұмыстарын ұйымдастыру туралы пікір алмасты. Балалардың психологиялық

жайлылығын қамтамасыз ету, күн тәртібіне біртіндеп үйрету және ата-аналармен тығыз байланыс орнату қажеттігі айтылды.

Қаулы:

1. Жаңадан келген балаларға жеке бейімделу жұмыстары жүргізілсін.
2. Ата-аналарға қажетті кеңестер берілсін.

5-мәселе бойынша тыңдалды:

Тыңдалды: Әдіскер ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту, ата-аналар жиналыстарын, кеңестерді, ашық есік күндерін және бірлескен іс-шараларды ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталды.

Қаулы:

1. Ата-аналармен байланыс жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
2. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық нығайтылсын.

6-мәселе бойынша тыңдалды:

Тыңдалды: Педагогтердің 2025–2026 оқу жылына арналған шығармашылық тақырыптары мен өзіндік білім жетілдіру бағыттары қарастырылды. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеру және тәжірибе алмасу мәселелері талқыланды.

Қаулы:

1. Педагогтердің шығармашылық тақырыптары бекітілсін.
2. Өзіндік білім жетілдіру жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілсін.
3. Озық педагогикалық тәжірибелер жинақталып, таратылсын.

7-мәселе бойынша:

Ағымдағы мәселелер қаралып, жаңа оқу жылында санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, балалардың өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құжаттамаларды уақытылы жүргізу тапсырылды.

Қаулы:

1. Жаңа оқу жылына арналған жұмыстар бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.
2. Барлық педагогтер өз міндеттерін жауапкершілікпен орындасын.
3. Қабылданған шешімдердің орындалуы әдіскердің бақылауына алынсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.

Хатшы: _____ Шортанова Ж,К.

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «7» қараша 2025 жыл
Өткізілген орны: «Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер және педагогикалық ұжым мүшелері.
Қатыспағандар: жоқ

Тақырыбы: «Балабақшадағы оқу-тәрбие процесінде инновациялық технологияларды тиімді пайдалану».
Мақсаты: Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, оқу-тәрбие процесінде инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану және балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау.
Күн тәртібі:

1. Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Педагогтердің шығармашылық тақырыптары бойынша атқарылған жұмыстарын талқылау.
3. Мектепке дейінгі ұйымдағы ұйымдастырылған іс-әрекетте инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану.
4. Балалардың танымдық, тілдік және шығармашылық қабілеттерін дамытуда ойын технологияларын пайдалану.
5. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасын іске асыру барысы.
6. Ата-аналармен бірлескен жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді жолдары.
7. Ағымдағы мәселелер.

1-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысына тоқталды. Педагогтердің құжаттарды жүргізуі, дамытушы ортаны ұйымдастыруы және оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарға сәйкес жүзеге асырылуы қарастырылды.
Қаулы:

1. Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы назарға алынсын.
2. Жоспарланған жұмыстар жүйелі жалғастырылсын.

2-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Педагогтер өздерінің шығармашылық тақырыптары бойынша атқарған жұмыстарымен бөлісті. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қолданылған әдіс-тәсілдер мен жұмыс нәтижелері талқыланды.
Қаулы:

1. Педагогтердің шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыстары жалғастырылсын.
2. Тиімді тәжірибелер педагогтер арасында таратылсын.

3-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. ұйымдастырылған іс-әрекеттерде заманауи технологияларды, зерттеу, жобалау, тәжірибе жасау және интерактивті әдістерді қолданудың маңыздылығын түсіндірді.
Қаулы:

1. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде инновациялық әдіс-тәсілдер тиімді қолданылсын.
2. Педагогтер өз тәжірибелеріне жаңа технологияларды енгізсін.

4-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Тәрбиешілер балалардың танымдық, тілдік және шығармашылық қабілеттерін дамытуда ойын технологияларын пайдалану тәжірибелерімен бөлісті. Дидактикалық, сюжеттік-рөлдік, қимылды және шығармашылық ойындардың тиімділігі талқыланды.
Қаулы:

1. Ойын технологияларын күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолдану жалғастырылсын.
2. Балалардың шығармашылық белсенділігін арттыруға бағытталған ойындар ұйымдастырылсын.

5-мәселе бойынша тыңдалды:

Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» республикалық пилоттық жобасының жүзеге асырылу барысы туралы баяндады. Жоба аясындағы зергерлік, аспаздық, тігін, инженерлік, құрылыс, жылыжай және көлөнер орталықтарында жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды. Балалардың еңбек дағдыларын қалыптастыру және ата-аналарды жобаға тарту мәселелері қарастырылды.

Қаулы:

1. Пилоттық жоба аясындағы жұмыстар жоспарға сәйкес жалғастырылсын.
2. Кәсіптік бағыттағы орталықтардың жұмысы жандандырылсын.
3. Балалардың еңбекке қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға көңіл бөлінсін.

6-мәселе бойынша тыңдалды:

Тыңдалды: Әдіскер ата-аналармен бірлескен жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді жолдары туралы айтты. Отбасылық байқаулар, шеберлік сағаттары, ашық есік күндері және бірлескен жобаларды ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталды.

Қаулы:

1. Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
2. Отбасылық шығармашылық байқаулар мен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылсын.

7-мәселе бойынша:

Ағымдағы мәселелер қаралды. Педагогтерге балалардың қауіпсіздігін сақтау, құжаттамаларды уақытылы жүргізу және тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыру тапсырылды.

Қаулы:

1. Барлық жоспарланған жұмыстар уақытылы орындалсын.
2. Қабылданған шешімдердің орындалуы әдіскердің бақылауына алынсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.

Хатшы: _____ Шортанова Ж,К.

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «05» қаңтар 2026 жыл
Өткізілген орны: «Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер және педагогикалық ұжым мүшелері.
Қатыспағандар: жоқ

Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтар мен заманауи технологияларды ұштастыру арқылы балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету».
Мақсаты: Балаларға ұлттық тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы олардың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамыту.
Күн тәртібі:

1. Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Ұлттық ойындар арқылы балалардың танымдық және қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.
3. Мектепке дейінгі жастағы балаларды ұлттық салт-дәстүрлер мен мәдени мұра арқылы тәрбиелеу.
4. «Табиғатпен үйлесімде» экологиялық тәрбие бағытындағы жұмыстарды талдау.
5. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» жобасы аясында балалардың еңбек дағдыларын қалыптастыру.
6. Балалардың жеке даму мониторингінің аралық нәтижелерін талдау.
7. Ағымдағы мәселелер.

1-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысына тоқталды. Педагогтердің инновациялық технологияларды қолдануы, шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыстары және пилоттық жобаның жүзеге асырылуы қарастырылды.
Қаулы:

1. Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы назарға алынсын.
2. Жоспарланған жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.

2-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Тәрбиешілер ұлттық ойындарды ұйымдастырылған іс-әрекеттерде және күнделікті ойын барысында қолдану тәжірибелерімен бөлісті. «Асық ату», «Ханталапай», «Арқан тарту», «Ақ серек, көк серек» сияқты ұлттық ойындар арқылы балалардың ептілігін, шапшаңдығын, ойлау қабілетін дамыту жолдары талқыланды.
Қаулы:

1. Ұлттық ойындар күнделікті тәрбие жұмысында кеңінен қолданылсын.
2. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұлттық ойындар ұйымдастырылсын.

3-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. балаларды ұлттық салт-дәстүрлер мен мәдени мұра арқылы тәрбиелеудің маңыздылығын атап өтті. «Бесікке салу», «Тұсаукесер», «Шілдехана», «Қонақ күту» дәстүрлерін балаларға жас ерекшеліктеріне сай таныстыру жұмыстары қарастырылды.
Қаулы:

1. Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеуге бағытталған тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылсын.
2. Балалардың бойында ұлттық құндылықтарға құрмет сезімі қалыптастырылсын.

4-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Тәрбиешілер «Табиғатпен үйлесімде» экологиялық тәрбие бағыты бойынша атқарылған жұмыстармен таныстырды. Балаларға табиғатты қорғау, өсімдіктерге күтім

жасау, қоршаған ортаны таза ұстау және табиғи ресурстарды үнемдеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстары талқыланды.

Қаулы:

1. Экологиялық тәрбие жұмыстары жүйелі жалғастырылсын.
2. Топтарда табиғатты қорғауға бағытталған танымдық және тәжірибелік жұмыстар ұйымдастырылсын.

5-мәселе бойынша тыңдалды:

Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» республикалық пилоттық жобасы аясында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Зергерлік, аспаздық, тігін, инженерлік, құрылыс, жылыжай және қолөнер орталықтарында балалардың еңбек дағдыларын қалыптастыру бағытындағы жұмыстар талқыланды.

Қаулы:

1. Пилоттық жоба аясындағы жұмыстар жоспарға сәйкес жалғастырылсын.
2. Балалардың қарапайым еңбек әрекеттеріне қызығушылығын арттыру жұмыстары күшейтілсін.
3. Ата-аналармен бірлескен шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылсын.

6-мәселе бойынша тыңдалды:

Тыңдалды: Әдіскер балалардың жеке даму мониторингінің аралық нәтижелерімен таныстырды. Балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдылары бойынша көрсеткіштер талданды. Дамуында қосымша қолдауды қажет ететін балалармен жеке жұмыс жүргізу қажеттігі айтылды.

Қаулы:

1. Мониторинг нәтижелері негізінде балалармен жеке дамыту жұмыстары жүргізілсін.
2. Әр баланың даму ерекшеліктері ескеріліп, педагогикалық қолдау көрсетілсін.
3. Мониторинг нәтижелері бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

7-мәселе бойынша:

Ағымдағы мәселелер қаралды. Педагогтерге оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын арттыру, балалардың қауіпсіздігін сақтау, құжаттамаларды уақытылы жүргізу және ата-аналармен байланысты нығайту тапсырылды.

Қаулы:

1. Барлық педагогтер бекітілген жұмыс жоспарларын уақытылы орындасын.
2. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау талаптары қатаң қадағалансын.
3. Қабылданған шешімдердің орындалуы әдіскердің бақылауына алынсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.

Хатшы: _____ Шортанова Ж,К.

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «12» мамыр 2026 жыл
Өткізілген орны: «Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер және педагогикалық ұжым мүшелері.
Қатыспағандар: жоқ

Тақырыбы: «Педагогикалық қызметтің жылдық қорытындысы және жаңа оқу жылына міндеттерді айқындау».
Мақсаты: 2025–2026 оқу жылында атқарылған әдістемелік және тәрбиелеу-білім беру жұмыстарын қорытындылау, балалардың даму нәтижелерін саралау және келесі оқу жылына міндеттер белгілеу.
Күн тәртібі:

1. Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Педагогтердің жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есептерін тыңдау.
3. Мамыр айындағы балалардың жеке даму мониторингінің нәтижелерін талдау.
4. Жылдық жұмыс жоспарының орындалуын қорытындылау.
5. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасының қорытындысын талдау.
6. Педагогтердің шығармашылық және тәжірибелік жұмыстарын саралау.
7. Жылдың үздік педагогикалық тәжірибелерін жинақтау және тарату.
8. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстарын қарастыру.
9. 2027–2028 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс бағыттарын айқындау.
10. Ағымдағы мәселелер.

1-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалу барысы туралы ақпарат берді. Жоспарланған жұмыстардың жүзеге асырылуына тоқталып, орындалған жұмыстарға талдау жасады.
Қаулы:
1. Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

2-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Педагогтер жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп берді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер, тәрбиелік шаралар, байқаулар, семинарлар және балалардың жетістіктері туралы мәліметтер ұсынылды.
Қаулы:
1. Педагогтердің жылдық есептері қабылдансын.
2. Нәтижелі жұмыстар келесі оқу жылында жалғастырылсын.

3-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. мамыр айындағы балалардың жеке даму мониторингінің қорытынды нәтижелерін таныстырды. Балалардың негізгі дағдылары бойынша даму көрсеткіштері талданып, бастапқы, аралық және қорытынды нәтижелер салыстырылды.
Қаулы:
1. Мониторинг нәтижелері назарға алынсын.
2. Қосымша қолдауды қажет ететін балалармен жеке дамыту жұмыстары жалғастырылсын.

4-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Әдіскер жылдық жұмыс жоспарының орындалуына талдау жасады. Жыл бойы өткізілген әдістемелік кеңестер, семинарлар, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, байқаулар мен тәрбиелік іс-шаралардың нәтижелері қарастырылды.
Қаулы:
1. 2026–2027 оқу жылындағы жылдық жұмыс жоспарының орындалуы қорытындылансын.
2. Атқарылған жұмыстар бойынша есептік құжаттар жинақталсын.

5-мәселе бойынша тыңдалды:

Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» республикалық пилоттық жобасының жылдық қорытындысын таныстырды. Жоба аясында жеті бағыт бойынша ұйымдастырылған жұмыстарға тоқталды. Балалардың еңбек дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық байқауларға қатысу және ата-аналармен бірлескен жұмыстардың нәтижелері талданды.

Қаулы:

1. Пилоттық жоба бойынша атқарылған жұмыстардың қорытындысы қабылдансын.
2. Жобаның тиімді тәжірибелері жинақталып, келесі оқу жылында жалғастырылсын.

6-мәселе бойынша тыңдалды:

Тыңдалды: Педагогтердің шығармашылық және тәжірибелік жұмыстары қарастырылды. Аудандық, облыстық және республикалық байқауларға қатысу нәтижелері, кәсіби жетістіктері мен марапаттары сараланды.

Қаулы:

1. Педагогтердің шығармашылық жұмыстары жинақталсын.
2. Кәсіби байқауларға қатысу жұмыстары жалғастырылсын.

7-мәселе бойынша тыңдалды:

Тыңдалды: Әдіскер педагогтердің жыл бойы қолданған тиімді әдіс-тәсілдері мен озық тәжірибелерін жинақтау және тарату қажеттігін атап өтті.

Қаулы:

1. Үздік педагогикалық тәжірибелер жинақталып, әдістемелік қор жасақталсын.
2. Педагогтердің тәжірибе алмасу жұмыстары жалғастырылсын.

8-мәселе бойынша тыңдалды:

Тыңдалды: Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстары қарастырылды. Балалардың денсаулығын нығайту, таза ауадағы ойындар, шынықтыру шаралары, күн тәртібі және қауіпсіздік талаптарын сақтау мәселелері талқыланды.

Қаулы:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.
2. Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі қамтамасыз етілсін.

9-мәселе бойынша тыңдалды:

Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарын білдірді. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, инновациялық технологияларды қолдану, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды.

Қаулы:

1. 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың басым бағыттары ұсыныс ретінде қабылдансын.
2. Жаңа оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспары әзірленсін.

10-мәселе бойынша:

Ағымдағы мәселелер қаралып, педагогтерге жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың қауіпсіздігін сақтау, топ бөлмелерін жаңа оқу жылына дайындау және құжаттамаларды ретке келтіру тапсырылды.

Қаулы:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыстары жүйелі ұйымдастырылсын.
2. Қабылданған шешімдердің орындалуы әдіскердің бақылауына алынсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.

Хатшы: _____ Шортанова Ж,К.